



БЕКІТЕМІН
«Көлік колледжі» КМҚК
директоры
А.С. Нугымаров
« 29 » 2024 ж.

**Колледждің тұңғыш директоры Азиз Байсейітович Байсейітовтың құрметіне
үздік студентті анықтау туралы**

ЕРЕЖЕ

Жалпы ережелер

Колледждің тұңғыш директоры Азиз Байсейітович Байсейітовтың құрметіне колледждің үздік студентін анықтау, білім алушылардың шығармашылық белсенділігін дамыту және білім беру, кәсіптік, ғылыми деңгейлерін жоғарлату мақсатын көздейді. Шығармашылық және интеллектуалдық әлеуетті дамыту мен сақтау мақсатында дарынды жастарды ынталандаруға бағытталған.

Үздік студентті анықтау тәртібі

1. Осы Ереженің күші Колледждің әлеуметтік және қоғамдық өміріне жоғары белсенділік танытқан, қарастырылатын оқу кезеңі ішінде үздік және жақсы үлгерім көрсеткен, күндізгі оқу нысанында оқитын 1-3 курс студенттері үшін қолданылады.
2. Үздік студент атағы бір студентке ғана беріледі.
3. Үздік студентке үміткерді іріктеуді директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, бөлім меңгерушілері, топ жетекшілері, жастар комитетінің төрағасы жүзеге асырады.
4. Әр меңгеруші қарастыруға өз бөлімінен екі студент ұсынады.
5. «Үздік студент» атағы тек бір оқу жылына ғана белгіленеді.

Келесі көрсеткіштер ескеріледі

1. сабақтарды негізсіз себептермен босатпау;
2. Үлгерім 100% ;
3. Үміткер үздік студент атағына ие болу үшін «4» пен «5» оқуы керек. «4» пен «5» санынан орташа балл есептеледі. Үміткерлердің орташа балы 4,5 және одан да жоғары болу керек.
4. Олимпиадаларға қатысу:
 - А) колледжішілік (I орынға - 20, II орынға - 10, III орынға - 5)
 - Б) қалалық (I орынға - 30, II орынға - 20, III орынға - 10)
 - В) облыстық (I орынға - 0, II орынға - 30, III орынға - 20)
 - Г) республикалық, халықаралық – (I орынға - 50, II орынға - 40, III орынға - 30)

5. Жастар комитетінің жұмыстарына қатысу. Белсенділік дәрежесін жастар комитетінің төрағасы анықтайды (10-нан 30 баллға дейін).

6. Колледжішілік, қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық іс-шараларға қатысу:

А) колледжішілік (I орынға - 20, II орынға - 10, III орынға - 5)

Б) қалалық (I орынға - 30, II орынға - 20, III орынға - 10)

В) облыстық (I орынға - 40, II орынға - 30, III орынға - 20)

Г) республикалық, халықаралық – (I орынға - 50, II орынға - 40, III орынға - 30)

Жүлдесіз іс-шараларға қатысу:

А) Колледжішілік - 5 балл;

Б) Қалалық - 10 балл;

В) Облыстық - 20 балл;

Г) республикалық, халықаралық - 30 балл

7. Үздік студент атағын иеленушінің фотосы құрмет тақтасына ілінеді және колледж мұражайындағы арнайы альбомға енгізіледі. Жаңадан қабылданған студенттерді студенттер қатарына қабылдау кезіндегі мерекелік іс-шарада арнайы марапатталады.

**Директордың
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары**



Аубакирова А.М.